



# Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия

## 2023–2024 оқу жылы

### Тәрбие бағыты бойынша жүргізген жұмыстардың есебі





# Қауіпсіз мектеп



## Балалардың өмір қауіпсіздігі

Мектепте оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бірінші орынға қойылған.

1. Мектепте 6 турникет бар, бейне бақылау саны – 80, ЦОУ-ға қосулы 22 камера, 48 камера ғимарат ішін қамтиды, 32 камера мектептің сырт жағына орналасқан.
2. Сабақтағы өмір қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша нұсқаулықтар жүргізіледі, оқушылар ережелермен сынып сағаттарында танысады.
3. Мұғалімдермен қауіпсіздік іс-шараларының алдын алу мақсатында семинар өткізілді, нұсқаулықпен танысып, хаттама жазылды.
4. Кезекші мұғалімдермен «Дабыл» түймесін басу, оқушыларды қауіпсіз жерлерге орналастыру сияқты түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады.
6. Мұғалімдер «Буллингтің алдын алу» тақырыбында курстан өтті, оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында Төтенше Жағдайлар Министрлігінің өкілдері мектепке «Өрт кезіндегі іс-қимыл ережелері», «жұқа мұз», «үйдегі өрт қауіпсіздігі» тақырыптарында дәріс оқыды.



Патриоттық күн



«8 минуттық оқу» жобасы

Ұлттық киім күні



Ғылым күні



# Гимназия келбеті



Тақырыптық күндер




Спорт күні



# Оқушыларды қосымша біліммен оңтайлы қамту (үйірмелер, секциялар)

Оқушы саны	Қосымша білім беруге қатысатын оқушылар	Кружок пен секцияларға қатысатын оқушылар саны	%
2638	1549	707	86%



«Қала бойынша есепте тұрған» оқушы жоқ.

	Оқу жылдары	2023-2024
1	Қалалық есепте тұрған балалар саны	0
2	Мектепшілік есепте тұрған оқушы саны	2

# Тәрбие жұмысының 8 бағытына сәйкес мектепшілік, қалалық, республикалық жобалар «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобалар іске асырылды:

Бағыттар	Жобалар
Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Адалдық алаңы», «Құқықтық сана – қауымға пана», «Қоғамға қызмет», «Жас құтқарушы», «Жас инспектор», «Мектеп медиациясы» жұмыс істейді.
Рухани-адамгершілік мәдениет	«Оқуға құштар мектеп», «Ақылды волонтерлік»
Ұлттық тәрбие	«Дәстүр мен ғұрып»
Отбасы тәрбиесі	«Әкелер мектебі», «Отбасы – мектеп»
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Жас ұлан», «Жас қыран» балалар ұйымы, «Өзін-өзі басқару», «Еріктілер қозғалысы»
Дене тәрбиесі, салаутты өмір салты	«Ұлттық ойындар-асыл мұрамыз» жобасы, «Дұрыс тамақтану мектебі», «Мектептегі шахмат», «Тоғызқұмалақ»
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Мектептегі бір күн», «Театр», «Дебат» қозғалысы
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Еңбек – елдің мұраты», «Үнем – қоғам қуаты», «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Отбасымен ағаш отырғызу акциясы», «Экоасар», «Жасыл ел», «Жасыл мектеп»



# Әлеуметтік педагогтар 2023-2024 оқу жылында



«Мектепке жол акциясы» бойынша мектебіміздің 10 оқушысына оқуға қажетті құрал – жабдықтар және 10 рюкзак берілді.

**Жаңа жыл қарсаңында :**

- Қамқоршылық кеңесінен 20 сыйлық сөмкесі;
- Еуразия ҰБ 10 сыйлық сөмкесі;
- 11А сыныбынан 10 сыйлық сөмкесі;
- Мектепішілік қайырымдылық акциясынан 40 сыйлық сөмкесі берілді.
- Жаңа жылдық концерттік шараға көп балалы отбасына билет алып берілді.




«Қамқоршылар күніне» арналған іс – шара өтті. Қамқоршыларым ызды мектебімізге шақырып, сый – құрмет көрсетіп алғысымызды білдірдік.



Мектептің мұғалімдерінің тарапынан аз қамтылған, қамқоршысынан айырылған, жетім, көп балалы оқушыларға материалдық көмек (қысқы куртқалар, қысқы аяқ киімдер, спорттық киімдермен) көрсетілді. Осы ұстаздарға АЛҒЫС айтамыз.



Оқу жылы барысында 5-9 сыныптар арасында Балдаурен сауықтыру лагеріне ақпан айында 10 оқушы (соның ішінде көп балалы, аз қамтылған, жетім, қамқоршылығынан айрылған отбасынан шыққан оқушылар) барып келді. Наурыз айында 11 оқушы (дарынды оқушылар) жолдама алып кетті. Сәуір айында Алматы қаласындағы Республикалық «Бөбек» сауықтыру орталығына 3-4 сыныптардан 1 жолдама келді. Көп балалы отбасынан 3 в сынып оқушысы Джамбул Ернар Мухтарұлы жіберіледі.



# Ата – аналарды педагогикалық қолдау

Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында 30 қыркүйек күні «Мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігі-ұрпақ тәрбиесінің ізгі жолдары» тақырыбында 28 қазан күні «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында 25 қараша күні, 22 желтоқсан күні «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында «Ашық есік» күндері өтті. 26 қаңтар «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу!», 23 ақпан «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер». 29 наурыз «Отбасындағы тәрбие бастаулары»



# Өзін-өзі басқару ұйымы

Құрамында 25 оқушы.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға, тұтынушылық қатынас жоюға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. Бұл бағытта аянбай еңбектеніп, үнемі жаңашылдыққа ұмтыламыз деп уәде береміз!

